

«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Шуриева Айслу Бауржановнаның
«Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әңсәналар» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына

ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/п №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әңсәналар» тақырыбында жазылған диссертация төмендегі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді: - Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына; - атап айтқанда, 5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы саласына сәйкес балалар әдебиетін жаңаша зерттеудің үлгісі бола алады; - Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (31.12.2019 ж.); - ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.) ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалары.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертант А.Б. Шуриева зерттеу барысында Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әңсәналарды қарастырып, олардың танымдық, ақпараттық, мекендік және эстетикалық қырларын жан-жақты ашады және сонымен қатар халықтың тарихи сапасында сақталған топонимдердің этнографиямен тығыз байланыстылығы туралы жаңа мәліметтер береді. Диссертацияның ғылыми жаңалығы өзекті. Өйткені диссертант қандай жаңалық ашты дейтін болсақ, Еуразия кеңістігіндегі (Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан) топонимдік аңыздар мен әңсәналарға алғаш рет салыстырмалы талдау жүргізді.

			<p>Еуразиялық кеңістікте топонимдік фольклордың қалыптасуы мен сақталуына ықпал еткен тарихи алғышарттар зерттелді. Тарихи оқиғалардың, көші-қон мен өзара мәдени әрекеттесудің топонимдік аңыздар мен әпсаналардың дамуына әсері талданды. Географиялық объектілермен байланысты мифологиялық және аңызға айналған әңгімелердің жинақталуы мен берілуіне ықпал еткен маңызды тарихи кезеңдер мен процестер сипатталды.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Зерттеу жұмысын диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертант зерттеуінде өзіндік тұжырымдар жасауға қол жеткізген және таңдаған тақырыбын толығымен аша білген. Бізге ұсынылған диссертациялық зерттеуді толығымен аяқталған ғылыми жұмыс деп бағалауға негіз бар. Қол жеткізілген зерттеу нәтижелері мен ғылыми тұжырымдарын негізге ала отырып жұмысқа теориялық және тәжірибелік қырынан құндылығы жоғары жұмыс деген баға беруге әбден болады. Зерттеу жұмысы бұрын зерттелмеген, өзекті тақырыпқа арналған, логикалық тұтастығы сақталған, толық әрі аяқталған құнды зерттеу болып табылады.</p>
	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі толығымен негізделген. «Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналар» тақырыбын докторлық (PhD) диссертация қарымында алғаш зерттеп отырған еңбек болып табылады. Диссертациялық жұмыста Еуразиялық кеңістігіндегі фольклорлық мотивтердің мәні, атқаратын қызметтері, Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан халықтар арасындағы мәдени ықпалдастықтар, танымдық-эстетикалық негіздердің бірлігі анықталды.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Бізге ұсынылған диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын айқындайды және толығымен ашқан. Диссертацияның тақырыбы «Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналар», ал осы тақырыпты ашуға негізделген мазмұны құрылымы жағынан екі бөлімге жинақталған. Бірінші бөлімінде топонимдік аңыздар мен әпсаналарды талдауға негіз болатын іргелі ұғымдар қарастырылды. Берілген құбылысты зерттеу үшін қолданылатын негізгі теориялық тәсілдер сипатталды; топонимдік аңыздарды Еуразия халықтарының мәдени мұрасының маңызды бөлігі және олардың бірегейлікті қалыптастырудағы ролі ретінде қарастыруға ерекше назар аударылды; Еуразиялық кеңістікте топонимдік фольклордың қалыптасуы мен сақталуына ықпал еткен тарихи және мәдени алғышарттар зерттелді; тарихи оқиғалардың, көші-қон мен өзара мәдени әрекеттесудің топонимдік аңыздар мен әпсаналардың дамуына әсері талданды. Зерттелген мәселелер диссертацияның негізгі мақсатын жүзеге асыратын міндеттерін орындаудың алғышарты болып табылады.</p> <p>Екінші бөлімі Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналардың поэтикасын айқындауға арналған. Бұл маңызды бөлімінде топонимдік аңыздар мен әпсаналардың құрылымы, сюжеттік негіздері, орындалу ерекшелігі мен таралу ареалы талданды. Топонимдік аңыздардың танымдық мәні топонимдік әпсаналарда көрініс беретін гажайыптылық сипаттар кеңінен қарастырылды.</p>

		<p>олардың маңызы және көркемдік талғам мен мәдени қабылдаудың қалыптасуына әсері зерделенді. Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстанды қамти отыра Еуразияның әртүрлі елдерінің топонимдік аңыздары мен әсаналарына салыстырмалы талдау жүргізілді. Бұл елдердегі топонимдік сюжеттердің жалпы және ерекше белгілері, олардың мәдени және тарихи маңызы зерттелді.</p> <p>Сонымен қатар диссертация тақырыбының өзектілігі, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдары, жалпы ішкі мазмұны күмән туғызбайды. Әдебиеттану ғылымында қалыптасқан фольклоризм, фольклорлық мотивтерді анықтап, топонимика мен фольклор байланысының ара-қатынасы негізделген. Зерттеу Еуразия халықтарының рухани-мәдени мұрасының маңызды бөлігі ретінде топонимдік аңыздар мен әсаналардың маңыздылығын ашады. Оларды көненің көзі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу тетіктері, сондай-ақ олардың тарихи сананы нығайтудағы ролі анықталды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертация тақырыбына зерттеудің мақсаты мен қойылған міндеттері сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеудің мақсаты: Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әсаналардың генезисін, типологиясын, поэтикасын зерттеу. Бұл мақсатқа жету жолында ізденуші алдына төмендегідей нақты міндеттер қойған: - Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әсаналарды зерттеудің теориялық негіздерінің ғылыми тұжырымын жасау; олардың халықтың дүниетанымын, кеңістікке қатыстылығын және тарихи жадын бейнелейтін ұлттық-танымдық құбылыс ретіндегі ерекшеліктерін көрсету; - Еуразия кеңістігінде топонимдік фольклордың аңыз, әпсана жанрларының шығу тегін, бұл жанрлардың әр елде қолданысқа түскендегі типологиялық белгілерін, поэтикасын зерттеу; - Еуразия кеңістігінде топонимдік аңыздар мен әсаналардың пайда болып, халық арасында қолданысқа түсуінің негізгі мотивтерін анықтау. Аңыз, әпсанаға өзек болатын тарихи оқиғалар, табиғат құбылыстары, көші-қон, миграция, жаугершілік соғыстар сияқты себептіліктерді саралау; - Топонимдік аңыз, әсаналардың танымдық, ақпараттық, мекендік және эстетикалық функцияларын анықтау. Оларды әр елдің этникалық ерекшелігіне байланысты салыстыра отыра талдау; - Топонимдік аңыздар мен әсаналарды зерттеудің жаңа парадигмаларын негіздеу. Топонимдік нарративтерді пәнаралық тұрғыдан қарастырып, оларды фольклортану ғылымында жаңа бағыттар мен зерттеу тәсілдерін қалыптастыру; - Топонимдік аңыздар мен әсаналардың рухани мұра ретіндегі қызметін зерттеу, олардың Еуразия халықтарының тарихи санасын жаңғыртудағы, сақтаудағы ролін анықтау; топонимдік аңыздар мен әсаналар ұрпақтан-ұрпаққа берілетін танымдық, тәрбиелік және мәдени код ретіндегі қызметін зерттеу; - Топонимдік аңыздар мен әсаналардың поэтикасын зерттеуде қолданылатын көркемдік әдістер мен</p>

			<p>кұралдардың атқаратын функциясын саралау; топонимдік аңыздар мен эпсаналардағы бейнелеу тәсілдері, көркем тіл өрнектері, мифтік образдар мен символдардың қолданылу ерекшеліктерін зерделеу.</p> <p>Зерттеудің міндеттері диссертация құрылымын құрайтын екі бөлімнің мазмұнына сәйкес кезең-кезеңімен шешілген.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толығымен байланысқан, тұтастығы айқын байқалады. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері сабақтастығымен, тұтастығымен, зерттеудің қорытындылары қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеу мақсаты мен міндеттерін сатылап шешуге бағытталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автордың диссертацияны орындау барысында өз тарапынан ұсынған жаңа шешімдері бар. Зерттеу Еуразия халықтарының рухани-мәдени мұрасының маңызды бөлігі ретінде топонимдік аңыздар мен эпсаналардың маңыздылығын ашады. Оларды көненің көзі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу тетіктері, сондай-ақ олардың тарихи сананы нығайтудағы рөлі анықталған.</p> <p>Өзіндік пікірін дәйектейтін сыни талдаулары да бар. Бұл сыни-талдаулар диссертацияның құндылығын арттыруда үлкен роль атқарып тұр. Еуразия кеңістігіндегі (Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан) топонимдік аңыздар мен эпсаналарға алғаш рет жан-жақты зерттеу жүргізілді және топонимдік нарративтердің генезисі, типологиясы, поэтикасы және таралу ареалы зерттелді. Бұл зерттеу мәдениетаралық өзара әрекеттесуді нығайту құралы ретінде топонимдік нарративтердің қалай қызмет ететінін көрсете алды.</p> <p>Жұмыста топонимдік аңыздар мен эпсаналарда қолданылатын поэтикалық құралдар мен көркемдік әдістерге талдау жасалған. Бұл осы нарративтердің ерекше стилі мен мәнерлілігін қалыптастыратын негізгі поэтикалық элементтерді анықтауға мүмкіндік береді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Ізденуші өзіндік тұжырымдары мен нәтижелерін ғылыми басылымдарда жариялаған. Индекстелген Scopus базасында рецензияланған ғылыми басылымдарда – 2 мақала. ҚР ҒжЖБМ-нің білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 2 мақала және халықаралық ғылыми конференцияларында 4 мақаланың басылуымен расталады.</p> <p>Зерттеу нәтижелерін білім беру мекемелерінде, оқу орындарында фольклортану, тарих, мәдениеттану, этнография және лингвистика бойынша курстар мен оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін пайдалануға болады. Бұл білім алушыларға топонимдік аңыздар мен эпсаналар, олардың мәдени және тарихи маңызы туралы терең білім алуға мүмкіндік береді. Топонимдік аңыздар мен эпсаналарды зерттеу Еуразия аймақтарының мәдени мұрасын насихаттауға бағытталған жаңа туристік</p>

			маршруттар мен мәдени жобаларды құруға да ықпал етуі мүмкін.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысы диссертанттың ғылыми ізденісінің жан-жақтылығы мен тереңдігін, бағыт-бағдарының айқындығын көрсетіп, алдына қойған міндеттерін әдістемелік тұрғыдан толық орындап шыққандығымен сипатталады.</p> <p>Диссертациялық зерттеу еңбегінің жаңалық деңгейі келесі дәйектермен анықталады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Еуразия кеңістігіндегі (Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан) топонимдік аңыздар мен әпсаналарға алғаш рет жан-жақты зерттеу жүргізілді. - Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың генезисі, типологиясы, поэтикасы және таралу аралы зерттелді. - Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың атқаратын танымдық, ақпараттық, мекендік, эстетикалық функциялары анықталды. - Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың туындауына әсер ететін ортақ мотивтер айқындалды. - Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың халықтардың этникалық ерекшелігіне байланысты орындалу қызметі дәйектелді. - Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың поэтикасы алғаш рет салыстырмалы талдау арқылы зерттелінді.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында қолданылған техникалық, технологиялық шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Тарихи оқиғалардың Еуразияның әртүрлі аймақтарында топонимдік аңыздардың қалыптасуына әсерін анықтау үшін тарихи дереккөздер мен құжаттарды талдау барысында жаңа шешімдер жүйеленген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген	<p>Диссертацияда жасалған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеудің әдіснамалық негіздері фольклортану, тарих, мәдениеттану, этнография, этнология, лингвистика және философия сияқты ғылыми пәндердің теориялық және тұжырымдамалық тәсілдерін қолдануға негізделген. Осы ретте фольклор мен топонимиканың өзара тығыз байланысын зерттеген, фольклортанушылық тұрғыда әр елдің фольклоры мен мифологиясын талдаған академик С.А. Қасқабасовтың, топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін алғаш зерттеген А.Ш. Пангереевтің еңбектері негізгі әдіснамалық басшылыққа алынды.</p>
7.	Қорғауға шығарылған	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	<p>Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді негізге ала отырып зерттеуші қорғауға келесі тұжырымдарды ұсынады:</p>

негізгі қағидаттар	<p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>1. Еуразияның әртүрлі аймақтарында (Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстан) қалыптасқан топонимдік аңыздар мен әпсаналар халықтардың кеңістікке деген ерекше қозғарасы мен тарихи-этникалық болмысын көрсететін бірегей фольклорлық феномен болып табылады. Осы ретте Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз бен топонимдік әпсананы зерттеудің теориялық алғышарттары жасалу тиіс.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p> <p><i>Мақала:</i> Epic toponyms as carriers of a linguocultural code. eurasian journal of applied linguistics (2023), 9(1), 13-23. Doi:http://dx.doi.org/10.32601/ejal.901002 https://ejal.info/menuscrypt/index.php/ejal/article/view/440/119</p> <p>2. Топонимдік аңыздар мен әпсаналардың генезисі, типологиясы, поэтикасының зерттелуі және танымдық, мекендік, ақпараттық және эстетикалық қызметтерінің анықталуы, қазіргі заманғы фольклортану ғылымындағы жаңа зерттеу арнасы болып табылады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p> <p><i>Мақала:</i> Eurasian bilingual hydronyms nominations with the components "ak/kara". XLinguae, Volume 17 Issue 2, April 2024, ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X. DOI: 10.18355/XL.2024.17.02.02</p>
--------------------	---	---

3. Әр елдің топонимдік аңыз, әпсаналарында орын алатын мифологиялық, тарихи-мәдени және этнографиялық мотивтер ұлттық мәдениеттің қалыптасуына және кеңістіктің киелі бейнесін жасауда маңызды рөл атқарады. Өз кезегінде бұл аңыз, әпсаналардың ұқсас құрылымдық және аймақтық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді;
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

- 1) ия;
- 2) жок

7.3 Жаңа ма?

- 1) ия;
- 2) жок

7.4 Қолдану деңгейі:

- 1) тар;
- 2) орташа;
- 3) кең

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) ия;
- 2) жок

Мақала: Топонимический фольклор как жанр устного народного творчества. "Keruen" scientific journal №3, 84 vol, 2024 ISSN: 2078-8134 | ELSSN: 2790-7066. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-15>

(ҚР ҒЖБМ бекіткен басылымдар тізіміне енген).

4. Топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеу фольклортану, топонимика, этнография, география, тарих, лингвистика сияқты бірнеше пәндердің тоғысында қарастырылады. Осылайша зерттеу негізінде Еуразия кеңістігі халықтарының дүниетанымы, поэтикалық зердесі, табиғатқа көзқарасы, қоршаған ортаға, кеңістікке берер бағасы айқындалады.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді;
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

- 1) ия;
- 2) жок

7.3 Жаңа ма?

- 1) ия;
- 2) жок

7.4 Қолдану деңгейі:

- 1) тар;
- 2) орташа;
- 3) кең

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) ия;
- 2) жок.

			<p>Мақала: Toponymic folklore researches in the Eurasian space. "Keruen" scientific journal No1, 86 vol, 2025. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.1-12 (ҚР ҒЖБМ бекіткен басылымдар тізіміне енген);</p> <p>5. Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзірбайжан және Қазақстанның топонимдік аңыздары мен әпсаналарын олардың этникалық ерекшеліктерін ескере отырып салыстырмалы талдау жаңа танымдық дүниелерді ашады және Еуразия кеңістігіндегі мәдени байланыстар мен ықпалдастықтарды арттырады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>Мақала: Toponymic folklore researches in the Eurasian space. "Keruen" scientific journal No1, 86 vol, 2025. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.1-12 (ҚР ҒЖБМ бекіткен басылымдар тізіміне енген).</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның әдіснамасы нақты, қолданылған әдіс-тәсілдер дұрыс таңдалған. Диссертацияның әдіснамалық негізін отандық зерттеуші-ғалымдар С. Қасқабасов, А. Пангереев, Б. Рахимов, К. Матыжанов, А. Әбсадық, Б. Олжабаев, С.О. Құлбарак; шетелдік зерттеушілер Ю.М. Лотман, В.Я. Пропп, А.Н. Веселовский, Е.М. Мелетинский, А.М. Новиков, В.Н. Минеев, В.М. Жирмунский, В.Н. Топоров, Я.В. Солдаткина, А.Б. Есин және басқа да ғалымдардың әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, мәдениеттану, фольклористика бағытындағы ғылыми еңбектері кұрайды. Диссертациялық жұмысты орындау барысында тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы-типологиялық, талдау, саралау, жүйелеу, жинақтау, кросс-мәдени тұрғыда талдау әдістері қолданылды.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді оңдеу және интерпретациялау	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі әдебиеттану ғылымындағы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланған.</p> <p>Жалпы ғылыми әдістер – тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы-типологиялық, талдау, саралау, жүйелеу, жинақтау, кросс-мәдени.</p>

		әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Еуразия халықтарының топонимдік фольклорды зерттеудің әдебиеттану үшін де, мәдениеттану үшін де практикалық маңызы бар. Топонимдік фольклор жаңадан қалыптасып, дамып келе жатқан сала болғандықтан Еуразия кеңістігіндегі аңыздар мен әпсаналар құнды дерек, мәдени-рухани мұра, тарихи-филологиялық аспектідегі зерттеу ретінде білім алушылар мен ғылыми ізденушілерге өз зерттеу жұмыстарына пайдалану үшін практикалық маңызы зор. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғары білім беру ұйымдарында фольклор, топонимдік фольклор, Еуразия халықтарының фольклоры секілді арнаулы курстар, факультативтер, семинарларда қолдануға болады. Аталған ғылыми зерттеу жұмысы практикалық материал ретінде маңызға ие.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттар, отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттануға, философияға, педагогика мен психологияға, ішінара лингвистикаға қатысты зерттеу еңбектері, сөздіктер, анықтамалар, халықаралық конференциялар мен журналдар, ҚР ҒЖБМ бекіткен басылымдар мен интернет дереккөздеріне сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертацияда автор 195 ғылыми, әдістемелік, мерзімдік, заңнамалық-нормативтік, деректі, электронды және басқа дара дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар нақты жазылған. Жұмыс топонимдік аңыздар мен әпсаналарды халықтың шығармашылық өнерінің озық үлгісі ретінде қарастыра отырып, олардың танымдық, ақпараттық, мекендік және эстетикалық қырларын жан-жақты ашады және сонымен бірге халықтың тарихи сапасында сақталған топонимдердің этнографиямен тығыз байланыстылығы туралы жаңа мәліметтер бере отырып, этнографиялық теорияға айтарлықтай үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жұмыс нәтижелерін фольклортану мен қазақ әдебиетінің тарихын жазуда, бағдарламалар құрастыруға, ЖОО студенттеріне фольклортану, қазақ әдебиеті пәндерінен жүргізілетін дәрістерде, элективті курста пайдалануға болады. Сондай-ақ зерттеу нәтижелерін фольклортану мен қазақ әдебиеті тарихын зерттеушілерге, ЖОО оқытушыларына, ізденушілерге, докторанттарға,

			магистранттарға, студенттерге көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Диссертация Еуразия халықтарының топонимдік аңыздар мен әпсаналардың ерекшелігін айқындап, алғашқы ғылыми еңбек екендігімен маңызды. Еуразия халықтарының жер атауларымен байланысты тарихи оқиғалар мен әдет-ғұрыптарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Топонимдік аңыздар мен әпсаналарда қолданылатын поэтикалық құралдар мен көркемдік әдістерді зерттеу поэтика мен әдебиеттану теориясының дамуына ықпал етеді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай орындалған. Техникалық жағынан дұрыс рәсімделген, мемлекеттік стандарттар талаптарына жауап береді. А.Б. Шуриева диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады.
	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мәтнінде кей жерлерде техникалық қателіктер бар. Диссертацияда талдаулар барысында ғылымилықтан гөрі публицистикалық стильге бой алдыратын тұстары бар. Диссертациялық жұмыстың «Анықтамалар» бөліміндегі кейбір терминдер «Фольклор», «Аңыз», «Мотив», «Этнография» көпшілікке таныс ұғымдарға анықтама берудің орнына тақырыпқа қатысты ғылыми ұғымдарды қамту керек еді. Алайда бұл ескертпелер диссертациялық жұмыстың ғылымилығына нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша жарияланымдардың жалпы саны – 8. Олардың ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда 2 ғылыми мақала жарияланды, индекстелген Scopus базасында рецензияланған ғылыми басылымдарда – 2 мақала, халықаралық конференция жинақтарында – 4 мақала.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналар» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмыс толық аяқталған. Шуриева Айслу Бауржановна «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Шуриева Айслу Бауржановнаның «Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналар» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты



РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР СЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
КОЛЫ **Сатемірова Д.А.**
ПОДПИСЬ _____